

БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫҢ ҮЛГІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

(монтаждауды не технологиялық желінің жекелеген бөлігін талап ететін қайта өңдеу жабдығы мен арнайы техника үшін)

1. **БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ**
 2. **ЖОБАНЫҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ**
 3. **КӘСІПОРЫННЫҢ СИПАТТАМАСЫ**
 4. **САЛАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**
 5. **ЖОБА ЖӘНЕ ӨНІМДІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР**
 6. **ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ**
 7. **ҚАРЖЫ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР**
 8. **ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТЕТІН ФАКТОРЛАР**
 9. **ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ**
 10. **ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ**
 11. **ҚОСЫМШАЛАР**
-

I. БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

II. ЖОБАНЫҢ ТҮЙІНІ

Түйіндеме бизнес-жоспардың қысқаша шолуы болып табылады және үш беттен аспайтын бөлімдердің ішіндегі ең маңыздысы болып табылады.

Түйіндеме келесі ақпаратты қамтуы керек:

- кәсіпорынның сипаттамасы, оның ерекшеліктері, бүгінгі таңда кәсіпорын қандай даму жолынан өтті;
- басқарушы персоналдың біліктілігі туралы қысқаша ақпарат, басқарушы персоналдың осы жобаға қатысты қандай қабілеттері бар, басқарушы персоналдың кәсіпорын капиталына қатысу үлесі қаншалықты;
- нарықтағы және саладағы жағдайдың сипаттамасы;
- кәсіпорынның өнімдері мен көрсететін қызметтерінің артықшылығы, компанияның ресурстары және оның ағымдағы қаржылық жағдайы;
- жобаның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттары, қандай өсім күтуге болады, қандай кіріс алынады деп күтілуде, қай уақыт аралығында;
- инвестицияларды қажетсіну, олар қалай пайдаланылатын болады, қаржыландырудың болжамды көздері және олардың құрылымы, олар қалай қайтарылатын болады (өтеледі), болжамды кепілзаттық қамтамасыз етудің егжей-тегжейлі сипаттамасы мен құрылымы;
- жобаның іске асырылатын орыны;
- жоба тиімділігінің түйінді экономикалық көрсеткіштері;
- жобаны іске асыру мерзімі және кестесі (іске асырудың бірінші жылында – айлар бойынша);
- жобаны іске асыру кезінде қандай тәуекелдер және қандай сыйақылар туындауы мүмкін.

III. КӘСІПОРЫННЫҢ СИПАТТАМАСЫ

A. Компанияның қысқаша қалыптасу тарихы:

- ұйымдастыру және қайта ұйымдастыру күні, қатысушыларының құрамы, заңды мәртебесі;
- өткен уақыттағы даму туралы мәліметтер және дамуына әсер еткен оқиғалар;
- компанияның мақсаттары;
- қызмет бейінін ауыстыру;
- компанияның бірінші басшылары құрамының өзгеру серпіні.

B. Компанияның құрылымы:

- компанияның корпоративтік құрылымы;
(барлық басты және еншілес фирмалардың, филиалдар мен бөлімшелердің атаулары, орналасқан жері, заңды мәртебесі)

▪ компанияның менеджерлері мен иелері (егер жобаланса, менеджменттегі болжалды өзгерістерді көрсету);

- компанияның ұйымдық құрылымы;
(схема түрінде, бөлімше функциясын көрсете отырып)
- жұмыскерлер саны және кадрлардың орналасуы.

С. Өнімдер мен көрсетілетін қызмет түрлері

- қызмет бағыттарының тізбесі;
- өнімдер мен көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесі және өнімнің әрбір түрі бойынша олардың жыл сайынғы көлемі;
- өнім мен көрсетілетін қызмет түрлерінің өзіндік құны (оның ішінде өнім түрлері бойынша)
- кәсіпорынның нарықтағы үлесі;
- өткізу және өндіру маусымдылығы;
- өткізудегі тарихи және ағымдағы үрдістер.

D. Компанияның кредиттік тарихы

Банк атауы, өнім	Валюта	Сомасы	Мөлшерлеме, %	Берілген күні	Шарт бойынша өтеу күні	Нақты өтелу күні	Жобаның мақсаты	Қамтамасыз ету (түрі, сомасы)	Ескертпе

USD бағамы: _____

Барлық ірі кредиттерге түсініктеме беру керек.

E. Қолданыстағы және жаңа бизнестің үйлесімі

(Жобаның іске асырылуы қолданыстағы бизнеске қалай әсер ететінін сипаттау қажет)

F. Компанияның қаржы жағдайын талдау

(Баланс баптарындағы ірі ауытқулар бойынша түсініктеме беріле отырып, соңғы үш жылдағы қаржылық есептілікке талдау келтіріледі)

IV. САЛАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

A. Саланың сипаттамасы

- саланың экономикалық секторын айқындау (өндіріс, үлестірім, көрсетілетін қызметтер және т.б.);
- өнеркәсіптің осы саласы ұсынатын негізгі өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің тізімі;
- маусымдылығы;
- салалық нарықтың географиялық орналасқан жері (жергілікті, аймақтық, ұлттық, халықаралық);
- кәсіпорын жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуі жорамалданған нарық сегментінің сипаттамасы;
- қазіргі бар негізгі клиенттердің сипаттамасы ;
- әлеуетті клиенттердің сипаттамасы;
- неғұрлым перспективалы клиенттер (кему ретімен көрсету);
- сала бойынша жалпы сату көлемі және нарықтың өзгеру үрдісі.

V. ЖОБА ЖӘНЕ ӨНІМДІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР

B. Өнімнің сипаттамасы.

- осы өнім түрін таңдау негіздемесі
- номенклатурасы, болжамды шығару көлемі;
- өнімнің өзіндік қасиеттері;
- өнімнің даму сатысы (идеясы, эскиздік жобасы, жұмыс жобасы, алғашқы партиясы, қолданыстағы сериялық өндірісі);

C. Өнім нарығының сипаттамасы

- нарық сұранысы мен мүмкіндіктерін анықтау.
- Нарықтың ағымдағы үлесі, жобаны іске асыруға тікелей немесе жанама байланысты болжанатын өзгерістер
- Нарықты дамытудың негізгі үрдістері мен бағыттары (экспорттық әлеуеті);

▪ Жаңа өндірушілердің (өнім берушілердің) нарыққа кіруіне шектеулер бар ма, егер болса, онда қандай – квоталар, лицензиялар, кедендік шектеулер және т.б.

С. Шикізат, материалдар нарығын және өндірістің өзге де факторларын зерттеу және талдау:

- өндірістің шикізаттық және өзге де факторларының сипаттамасы;
- шикізатқа, материалдарға және өндірістің өзге де факторларына қолжетімділік (шикізат, материалдар және өндірістің өзге де факторлары үшін есеп айырысу тәртібі);
- жабдықтау бағдарламасы (жоба жұмыс істеген әрбір жылға);
- жеткізу бағдарламасы (әр жылға);
- шикізатқа, материалдарға және өндірістің өзге де факторларына жыл сайынғы шығындар сметасы.

Өнімді тұтынушылардың сипаттамасы:

- негізгі тұтынушылар, тұтыну көлемі, баға деңгейлері;
- сұраныс пен ұсыныстан күтілетін өзгерістер.

Жиынтық кесте:

Год	Күтілетін сұраныс	Күтілетін ұсыныс	Өдіріс көлемі	Баға	Тұтынушылар	Растау (келісім-шарт)

D. Өнімді өткізу бағдарламасы:

- бағаны есептеу және негіздеу, баға белгілеу;
- өнімнің өзіндік құнын есептеу;
- сату бағдарламасы (жоба іске асырылатын әрбір жылға);
- сатудан күтілетін кіріс (әр жыл бойынша);
- сату және үлестіру кезіндегі шығындар;
- тұтынушылардың мақсатты тобы (негіздеу);
- сауда желісінің сипаттамасы;
- үлестіру әдістері мен арналары, жарнама;
- өтізуді ынталандыру.

E. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі:

- негізгі бәсекелестер (атауы және қысқаша сипаттамасы), олардың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері, нарықты иеленетін үлесі;
- қолданылатын технологиялардың салыстырмалы талдауы;
- негізгі бәсекелестердің бағаларын салыстырмалы талдау;
- маркетинг стратегиясы мен тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) бөлудің салыстырмалы талдауы.

F. Жобаны орындаудың заңнамалық және нормативтік базасы:

- лицензия немесе рұқсат алу қажеттілігі;
- **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУЫН ШЕКТЕУ/ҚОЛДАУ.**

VI. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

A. Орналасқан жері (жобаны орналастыру орнын таңдауға әсер еткен негізгі факторларды көрсету):

- шикізат көздері мен өнім берушілеріне қатысты орналасуы;
- өнім (көрсетілетін қызмет) тұтынушыларына қатысты орналасуы;
- алаңның сипаттамасы *(қолданыстағы және жоспарланған алаңишілік учаскелердің және алаңнан тыс желілер мен өту жолдарының учаскелерін белгілеу арқылы, қолданыстағы және салынуы болжанатын өндірістік және қосалқы ғимараттардың, құрылыстар мен үй-жайлардың, сақтау орындары мен қоймалардың блоктарының/модельдерінің (пайдалануын нақтылай отырып) орналастырылуын көрсете отырып, геодезиялық жағдайлар, алаң аумағының экспликациясымен бірге ситуациялық жоспар (жобаның іске асырылуы жоспарланған);*

- Таңдалып алынған алаңның кәсіпорынның өндірістік қуатына сәйкестігі (жобаны іске асыру алаңындағы объектілерді, оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар (паспорттық деректер, жай-күй); құрылыстар (эстакадалар, жерасты қоймалары, ұңғымалар және т.б.) қысқаша сипаттау;

- Инфрақұрылымы:

- ✓ электрмен жабдықтау – трансформаторлық қосалқы станциялардың, автономды көздердің және алаңшілік желілердің болуы, жағдайы және қолда бар қуаты;

- ✓ жылумен жабдықтау – автономды көздердің және алаңшілік желілердің болуы, жағдайы және қолда бар қуаты;

- ✓ сумен жабдықтау - автономды көздердің және алаңшілік желілердің болуы, жағдайы және қолда бар қуаты;

- ✓ кәріз жүйесі – автономды жинақтағыштар мен алаңшілік желілердің болуы, жағдайы және қолда бар қуаты; ақаба суларды бұру, тазарту әдістері, ақаба сулардың сапасы, қашырту шарттары, қолданыстағы заманауи тазарту құрылыстарын пайдалану немесе жаңаларын салу;

- ✓ газбен жабдықтау – таратушы құрылғылар мен алаңшілік желілердің болуы, жағдайы және қолда бар қуаты;

- ✓ автожолдар – алаңшілік өту жолдарының болуы, жағдайы және ұзындығы;

- ✓ темір жолдар – тұйықтардың болуы, жағдайы және ұзындығы;

- ✓ жүк және жолаушылар терминалдары;

- ✓ абаттандыру объектілері;

- ✓ басқа коммуникациялар).

- шикізатты өндірістік алаңға жеткізу (алу) және оны сақтау тәсілі.

B. Технологиялық процестің сипаттамасы

- технологияны таңдау негіздемесі (әлемдік стандарттарға сәйкестігі, қолданыстағы аналогтарымен салыстыру, жаңалығы және/немесе Қазақстанда немесе шетелдегі басқа жобаларда байқаудан өткізілуі)

- таңдалған технологияның сипаттамасы (практикада қолданылатын өнім өндіру технологияларының нұсқаларын сипаттау, іске асырылатын жоба үшін дәл осы технологияны таңдауға және балама нұсқаларды қабылдамауға негіз болған техникалық критерийлерді көрсете отырып, өнім өндірудің қолданыстағы нұсқаларының негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне салыстырмалы талдау жасау);

- технологияларды (лицензиялар, патенттер, құқықтар, тұрақты төлемдер және т.б.) сатып алуға арналған шығындар.

- Өндірістік қуаттың негіздемесі

- Кәсіпорынның қуаттарын игеру серпіні

- Технологиялық және өзге де жабдықтар мен техниканың болуы және қажеттілігі және оларды сатып алу шарттары (қолда бар техника мен жабдықтардың тізбесі, олардың ағымдағы жағдайы, қажетті техника мен жабдықтардың тізбесі, бәсекеге қабілетті баға, қазірдің өзінде пайдаланылатын жабдықпен технологиялық үйлесімділігі, жабдықты жеткізудің әртүрлі нұсқаларын салыстырмалы талдау)

- Жер телімдеріне, ғимараттар мен құрылыстарға, коммуникацияларға қажеттілік;

C. Жобаны басқару және кадрлардың орналасуы

- Жобаны басқару құрылымы;

- Жоба жетекшілері мен негізгі менеджерлерінің қысқаша түйіндемелері;

- Т.А.Ө, жасы, білімі, институт, мамандығы, қашан бітірген, тәжірибесі, атқарған лауазымдары, атқаратын лауазымында қанша жыл жұмыс істейді.

- Жұмыскерлер саны және кадрлардың орналасуы

- Еңбек ресурстарына және оқытуға қажеттілік.

D. Жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыс кестесі

- Құрылыс кезеңдері (Мысалы: жобалау алдындағы зерттеулер, ТЭН жобалау және зірлеу тапсырмасы, ТЭН, аудандық архитектураның қорытындылары, аудандық мемлекеттік сараптаманың қорытындылары, ТЭН-ні Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына беру, құрылысқа рұқсат алу, мердігермен бас шарт жасасу).

- Құрылыс мерзімі

- Жабдықты жеткізу мерзімі

- Монтаждау, іске қосу және жөндеу, пайдалануға беру мерзімдері
- Жобалық қуаттылыққа шығу және одан арғы өндіру серпіні
- Қажет болған жағдайда, технологиялық карта көрсетіледі.

Е. Жоба бойынша шығындар құрылымы

- Жер телімі
- Құрылыс-монтаж жұмыстары
- Өндірістік үй-жайлар
- Жабдық
- Тасымалдау
- Сақтандыру
- Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары
- Өндіріс шығындары, оның ішінде

(шикізат нарықтарына талдау жүргізу, негізгі өнім берушілер және шикізат жеткізу бағдарламалары, электр энергиясы, су және басқа да компоненттер (жарнама науқаны, дистрибутивтік желі құру және т.б.)

VII. ҚАРЖЫ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР

А. Қаржыландыру кестесі және төлемдер:

- Аванстық төлемді салу мерзімі;
- Сақтандыру және комиссиялық төлемдердің мерзімі;
- Негізгі борышты қайтару және ол бойынша пайыздарды төлеу кестесі.

В. Өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеу және шығындар сметасы

С. Жылдарға бөле отырып, заттай және ақшалай мәнде (инвестициялық жобалар бойынша) кәсіпорынның/зауыттың/базаның жобалық қуатын есептеу.

Жобаны іске асыру кезеңіне дайын өнімді өндіру бағдарламасы және шығындар калькуляциясы

- Бастапқы көздер бойынша жобаның технологиялық карталары
- Өндіріс көлемін нормативтік параметрлерге сәйкес жоспарлау
- Өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеу және өнімнің әрбір түрі бойынша шығындар сметасы

Д. Сатудан түсетін кіріс баптарын ашып көрсету (ай сайын шығарылатын өнімнің әрбір түрі бойынша өткізу көлемін және болжамды сату бағасын көрсете отырып); олар болған кезде маусымдық ауытқуларды ескеру.

Е. Пайда мен залал туралы есептің болжамы. Шығындардың ірі баптары бойынша түсініктеме беріледі, дайын өнімді сату бағасына және сату көлеміне және шикізатты сатып алуға маусымдық ауытқулар есепке алынады.

Ғ. Ақшалай қаражат қозғалысының болжамы:

- операциялық қызметтен түскен ақша қозғалысын ашып көрсету,
- қаржылық қызметтен – қаржы институты алдындағы міндеттемелерді өтеу туралы ақпаратты ашу.

Г. Қаржылық бағалаудың қарапайым әдістері арқылы жобаны талдау

▪ Жобаның қарапайым өтелу мерзімі
▪ Пайданың қарапайым нормасы (жоба іске асырылатын әрбір жыл бойынша және тұтастай бүкіл жоба бойына)

- Рентабельділік, өтімділік және айналымдылық көрсеткіштерін талдау

Н. Дисконттау әдістері арқылы талдау

- Жобаның ағымдағы таза құны (NPV)
- Ішкі рентабельділік нормасы (IRR)
- Жобаның дисконтталған өтелу мерзімі

І. Белгісіздік жағдайындағы талдау

▪ Сезімталдықты талдау (өндіріс көлемі, өткізу бағасы төмендегенде, шығындар сомасы ұлғайған кезде жобаның орнықтылығын тадау)

▪ Шығынсыздықты талдау (бір жылдағы есеппен заттай және ақшалай көріністегі шығынсыздық нүктесін анықтау)

Ж. Кредитті өтеу үшін қосымша қаражат көздері (егер жоба сәтсіз болған жағдайда).

К. Компанияға қажетті банк өнімдерінің тізбесі (өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту перспективалары).

VIII. ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТЕТІН ФАКТОРЛАР (Ресурстар тәуекелі, маркетингтік тәуекел, басқарушылық тәуекел, операциялық-өндірістік тәуекел, салалық тәуекел, құқықтық тәуекел, елдік және өңірлік тәуекел, жобаны аяқтау тәуекелі және т.б.))

A. Тәуекелдің негізгі факторлары

B. Өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымы

C. Тәуекелдерді төмендету және басқару бойынша болжанатын іс-шаралар

IX. ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

- Өңірдегі әлеуметтік-мәдени және демографиялық жағдайдың сипаттамасы
- Жобаның халықты жұмыспен қамтуға, біліктілікті арттыруға, білім беруге және т.б.

әсері.

X. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

A. Жобаның қаршаған ортаның жай-күйіне әсері және зиянды әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары:

- қоршаған ортаға жағымсыз әсердің барлық болжамды әсерлерін анықтау және қысқаша баяндау;
- әрбір іс-шараның техникалық аспектілерін сипаттау, оның ішінде оған қарсы бағытталған теріс әсер;
 - жоба шеңберінде табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру кестесі;
 - жобаның жалпы құнына бастапқы салымдардың да, теріс әсерді шектеу бойынша іс-шараларды іске асыруға байланысты ағымдағы шығыстардың да болжамды сметалары мен қаржыландыру көздерінің тізбесін енгізу;

B. Жоба технологиясының қоршаған ортаға әсер ету жөніндегі халықаралық стандарттар мен нормативтерге сәйкестігі.

XI. ҚОСЫМШАЛАР

Қосымшаларға бизнес-жоспарда ұсынылған мәліметтердің растамасы немесе неғұрлым толық түсіндірмесі бола алатын құжаттар енгізіледі. Оларға мыналар кіруі мүмкін:

- кәсіпорын немесе жоба басшыларының құзыреті мен жұмыс тәжірибесін растайтын өмірбаяндары;
- маркетингтік зерттеулердің нәтижелері;
- аудиторлардың қорытындылары;
- өнім үлгілерінің фотосуреттері немесе бейне роликтері;
- өнімнің толық техникалық сипаттамалары;
- кәсіпорынның жоспары;
- кепілдік хаттар немесе өнім берушілермен және өнім тұтынушыларымен келісімшарттар;
- жалдау, жалға беру шарттары, лицензиялық келісімдер;
- экология және қауіпсіздік мәселелері бойынша мемлекеттік қадағалау қызметтерінің қорытындылары;
- журналдардан және газеттерден кәсіпорынның қызметі туралы мақалалар;

ПАЙДА ТУРАЛЫ ЕСЕПТІҢ БОЛЖАМЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ

Мыңға теңгемен	Болжам							
Бағам \$1= ____ теңге								
	201_	201_	201_	201_	202_	202_	202_	202_
Сатудан түскен түсім								
Түсімнен есептелген ҚҚС								
Шикізат пен материалдар үшін төленген ҚҚС								
Төленетін ҚҚС жиынтығы								
ҚҚС-сыз түсім								
Өндірістік (Операциялық) шығындар								
Шикізат								
Өндірістік мүлік амортизациясы								
Көмекші материалдар								
Өндірістік персоналдың жалақысы								
ЕАҚ-нан аударымдар								
Операциялық қызметке байланысты басқа да шығыстар								
Операциялық шығындардың жиынтығы								
Жалпы пайда								
Әкімшілік шығыстар								
Амортизация								
Әкімшілік персоналдың жалақысы								
Әкімшілік персоналдың жалақы қорынан аударымдар								
Әкімшілік қызметке байланысты өзге де шығыстар, с.і.:								
Жалдау								
Көрсетілетін қызметтер								
Ағымдағы жөндеу								
Көлік шығындары								
Іссапарлар								
Телекоммуникация								
Коммуналдық шығындар								
Әкімшілік шығыстар								
Жарнама								
Сақтандыру								
Басқа шығындар								
Басқа салықтар								
Тікелей өндірістік шығындардың жиынтығы								
Операциялық пайда								
Кредит бойынша пайыздар								
Басқа қарыздар бойынша пайыздар								
Салық төлегенге дейінгі пайда								
Пайда салығы								
Таза пайда								

РЕНТАБЕЛЬДІЛІК КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ

[illegible]

АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БОЛЖАМЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ

Баптар	БОЛЖАМ								
	201_	201_	201_	202_	202_	202_	202_	202_	202_
I.Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қолма-қол ақша									
II. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы									
Ақша қаражатының түсімі									
өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан түскен кіріс (түсім)									
алынған аванстар									
дивидендтер									
өзге де түсімдер									
Ақша қаражатының шығысы									
өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу									
берілген аванстар									
жалақы бойынша есеп айырысу									
салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша төлемдер									
қарыздар бойынша сыйақы төлеу									
басқа да төлемдер									
Операциялық қызметтен ақша ағындары (+/-)									
III. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы									
Ақша қаражатының түсімі									
негізгі құралдарды сатудан									
материалдық емес активтерді сатудан									
қаржы активтерін сатудан									
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар									
өзге де түсімдер									
Ақша қаражатының шығысы									
негізгі құралдарды сатып алу									
материалдық емес активтерді сатып алу									
қаржы активтерін сатып алу									
басқа ұйымдарға қарыздар беру									
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар									
басқа төлемдер									
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары (+/-)									
IV. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы									
Ақша қаражатының түсімі									
акциялар мен басқа да бағалы қағаздар эмиссиясы									
банк кредиттерін алу									
қаржыландырылатын жалдау бойынша сыйақы алу									
өзге де түсімдер									
Ақша қаражатының шығысы									
банк кредиттерін өтеу									
меншікті акцияларды сатып алу									
дивидендтерді төлеу									
басқа төлемдер									
Қаржы қызметінен түсетін ақша ағындары (+/-)									
V. Кезең ішіндегі ақша ағындары, барлығы (+/-)									
VI. Есепті кезеңнің соңындағы ақшалай қолма-қол ақша									
Ағымдағы өтімділік коэффициенті									

NPV

IRR

Дисконттау мөлшерлемесі

Қолымды қоя отырып, Мен берілген ақпараттың шынайылығына кепілдік беремін.

Басшы: _____ (ТАӘ, қолы)

Бухгалтер: _____ (ТАӘ, қолы)

М.О.